


ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ЖАНГЕЛДИН АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



110600, Жангелдин ауданы, Торғай ауылы
Кайнекей көшесі, 1 тел: (714-39) 21-1-62
факс: 21-5-77, e-mail: torgay-roo@mail.ru

ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ
ОБРАЗОВАНИЯ
ДЖАНГЕЛЬДИНСКОГО
РАЙОНА» УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

110600, Джангелдинский район, Торгай ауылы, ул.
Кайнекея, 1 тел: (714-39) 21-1-62 факс: 21-5-77,
e-mail: torgay-roo@mail.ru

БҮЙРЫҚ

2025 ж “03” «қыркүйек» № 303

Торғай ауылы

ПРИКАЗ

село Торғай

Жангелдин ауданының білім алушыларын 2025-2026 оқу жылына тасымалдауды ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бүйрығына 9-қосымшаға сәйкес «Шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына және кейін үйлеріне тегін тасымалдауды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары, оқушыларды білім беру мекемесіне қауіпсіз тасымалдауды ұйымдастыру, оқушылар мен олардың ата-аналарының (занды өкілдерінің) тасымалдауды жүзеге асыру кезінде құқықтары мен занды мұдделерін қамтамасыз ету, лауазымды тұлғалардың, мектеп автобусының жүргізуісінің, жолаушылардың міндеттері мен жауапкершілігін белгілеу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

9. Жангелдин ауданының оқушыларын тасымалдауды ұйымдастыру туралы ереже (бұдан әрі -Ереже), № 1 қосымша бекітілсін.

10. № 2 қосымшаға сәйкес мектеп автобустары білім беру ұйымдарына бекітілсін.

11. Білім бөлімінің инспекторы Б. Жунусов білім беру ұйымдарының барлық автопаркіне жаупты;

11.1. Мектеп автобустарының техникалық талаптарына сәйкестігіне тұрақты негізде іс-шаралар өткізсін;

11.2. Мектеп автобустарын пайдалануды және тасымалдау маршруттарының сақталуын бақылауды ұстасын;

12. Білім алушыларды тасымалдауды ұйымдастыруға тиісті білім беру ұйымдарының басшылары жаупты болады, олар:

12.1 Білім алушыларды тасымалдауга жауптылар тағайындалсын және

бұйрықпен бекітілсін.

12.2 Окүшылардың мектептен үйге дейін, үйден мектепке дейін және кері қарай 04.09.2025 жылға дейінгі мерзімде окүшылардың күнделігіне маршрут енгізе отырып, қауіпсіз қозғалыс маршруттарын өзірлеу.

12.3 Мектеп автобустарының қозғалыс кестесін өзірлеу;

12.4 Тасымалдау бойынша мемлекеттік қызметті пайдаланатын окүшыларға мектеп автобусының қозғалысы кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау мәселелері бойынша айна 1 рет нұсқама беруді қамтамсыз етсін. Ауызша нұсқау күн сайын өткізіледі. Эр келген окүшіга белгілі бір орын бекітіледі.

12.5 Тоқсанына 1 рет білім бөліміне тасымалдау бойынша мемлекеттік қызметпен қамтамасыз етілген білім алушылардың жаңартылған тізімін ұсыну (аты-жөнін, сыныбын және тасымалдау жүзеге асырылатын елді мекенді көрсете отырып).

12.6 Көлік құралдарын санитарлық өндөуді бақылауды жүзеге асырсын.

12.7 Жүргізушиңің, еріп жүрушілердің және окүшылардың нұсқамаларын есепке алу журналын жүргізуі қамтамасыз етсін.

12.8 Жүргізушилердің рейс алдындағы медициналық тексеруден өтуін бақылауды қамтамсыз ету.

12.9 Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау мәселелері бойынша тұрақты негізде әңгімелелер, сынып сағаттарын ұйымдастырын.

13. Ауданнан тыс жерлерге окүшылардың сапарларын ұйымдастыру кезінде тиісті білім беру ұйымының басшысы сапар кезінде окүшылардың барлық қауіпсіздік шараларын қабылдауға міндетті: Жангелдин ауданының білім бөлімінің басшысынан сапарға рұқсат алу, көлік құралына арналған құжаттар жиынтығын тексеру және жүргізуіде жүргізуі қуәлігінің бар екеніне көз жеткізу, Жангелдин ауданының полиция бөлімінде көлік құралын техникалық байқаудан өтуді қамтамасыз ету, көлік құралын полиция бөлімімен сапарды сүйемелдеу, жүргізуіге сапалы нұсқама беруді қамтамасыз ету, ілесіп жүретін және сапарға қатысатын окүшылар нұсқама журналына қол қойғызып, көшірмесін білім бөліміне жолдасын.

14. «Жангелдин ауданы білім бөлімінің Шоқан Уалиханов атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ жанындағы интернатқа тәрбиеленушілерін тасымалдау үшін әр тоқсан сайын «Жангелдин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ПАЗ автокөлігі (жүргізуші - Сарсекеев У) бекітілсін.

15. «Жангелдин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сектор менгерушісі К.Култанов қаржы сметасы қаралсын.

16. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім бөлімінің сектор менгерушісі

А.Т.Раисоваға жүктелсін.

Басшының м.а



А.Қасым

Косымша 2

Мектеп автобустарын білім беру үйымдарына бекіту

№	Жүргізушінің аты-жөні	Көліктің маркасы	Көлік жүргізушінің категориясы	Бекітілген мектептердің атауы
1	Болебай Берік Қазымбекұлы	ГАЗ A65R35 16 орын	B,C,BE,DE,B1,C1,D1, C1E	«Жангелдин ауданы білім бөлімінің Айса Нұрманов атындағы негізгі орта мектебі» КММ
2	Ерназым Дастан Жанбырбайұлы	УАЗ 220965-440 9 орын	B,C,B1,C1	«Жангелдин ауданы білім бөлімінің Мыржакып Дулатов атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ
3	Сарсекеев Улан Мырзалиевич	ПАЗ 32053-79 23 орын	B,C,D,BE;CE, DE,B1, C1,D1,C1,E,D1E	«Жангелдин ауданы білім бөлімінің Ш.Уалиханов атындағы Торғай жалпы білім беретін мектебі» КММ

2025 жылғы 03 қыркүйектегі №303
бұйрыққа 1 қосымша

Жангелдин ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібі

1. Жалпы ережелер

1. Жангелдин ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың осы Тәртібі (бұдан әрі - Тәртіп) «Автомобиль көлігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және «Автомобиль көлігімен жолаушылар мен бағажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндеттін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 бұйрығына сәйкес әзірленді. (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11550 болып тіркелген) (бұдан әрі - Бұйрық) және Жангелдин ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібін айқындайды.

2. Балаларды тасымалдау тәртібі.

2. «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 23-10) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 547 бұйрығымен бекітілген, балаларды тасымалдау үшін бөлінген автобустардың техникалық жай-күйі, техникалық қызмет көрсету көлемдері мен мерзімдері, жабдықтары Автокөлік құралдарын техникалық пайдалану қағидаларының талаптарына жауап беруі тиіс.

Балаларды тасымалдау үшін тиісті санаттағы жүргізу什і қуәлігі және кемінде бес жыл жүргізуши стажы бар, автобустың жүргізушиі ретінде кемінде соңғы үш жыл үздіксіз жұмыс стажы бар және соңғы жыл ішінде еңбек тәртібін және Жол қозғалысы ережесін өрескел бұзбаған кемінде жиырма бес жастағы жүргізушілерге рұқсат етіледі.

Тасымалдаушы сапарға рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық қуәландырудан өтпеген жүргізушиңі жібермейді.

Тегін автобуспен тасымалданатын балалар мен ересектердің жалпы саны осы көлік құралы үшін жабдықталған және белгіленген орындар санынан аспайды.

Екі және одан да көп автобустардан тұратын лектер жол жүрісі қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган көздеген тәртіппен жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның арнағы автомобильдерімен бірге жүруі тиіс.

Автобустарды балаларды тасымалдауды жүзеге асыруға дайындау Бұйрықтың 4-параграфына сәйкес жүргізіледі.

Балаларды тасымалдау үшін бөлінген автобустардың орындықтарының орналасуы ересек еріп жүрушілерге өз орындарынан қозғалыс кезінде балалардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік беруі тиіс.

3. Оқу орындарына тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушы жергілікті атқарушы органдармен және оқу орындарының әкімшілігімен бірлесіп маршруттарды және балаларды отырғызудың және түсірудің ұтымды орындарын айқындауды.

4. Автобусты күтіп тұрған балалар үшін бөлінетін аландар балалардың жүріс бөлігіне шығуын болдырмайтында жеткілікті үлкен болуы тиіс. Аландардың абаттандырылған жолдары болады және жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарының аялдама пункттерінен бөлек орналасады.

Егер балаларды тасымалдау тәуліктің қаранды уақытында жүзеге асырылса, онда алаңшалардың жасанды жарығы болуы тиіс. Күзгі-қысқы кезеңде аландар қардан, мұздан, ластан тазартылуы тиіс.

5. Оқу орындарына балаларды тасымалдауға тапсырыс беруші балаларды отырғызу және түсіру орындарының жай-күйін тұрақты тұрде (айна кемінде бір рет) тексереді.

6. Балалар топтарын 22.00 сағаттан 06.00 сағатқа дейінгі кезеңде, сондай-ақ көрінуі жеткіліксіз жағдайларда (тұман, қар жауған, жаңбыр және басқалары) автобустармен тасымалдауға рұқсат етілмейді.

Тасымалдау қауіпсіздігіне қатер төндіретін жол немесе метеорологиялық жағдайлардың қолайсыз өзгеруі кезінде, автобустардың қозғалысын уақытша тоқтату туралы қолданыстағы нормативтік құжаттарда көзделген жағдайларда тасымалдаушы рейсті тоқтатады және бұл туралы тапсырыс берушіге дереу хабарлайды.

7. Автобустардың қозғалыс кестесін тасымалдаушы мен тапсырыс беруші келіседі. Жол жағдайлары қолайсыз өзгерген кезде, басқа жағдайларда (қозғалысты шектеу, уақытша кедергілердің пайда болуы, бұл кезде жүргізуі кестеге сәйкес жылдамдықты арттырмай жүре алмайды), кесте жылдамдықты төмендету (қозғалыс уақытын ұлғайту) жағына қарай түзетіледі. Кестенің өзгергені туралы тасымалдаушы тапсырыс берушіні хабардар етеді, ол балаларды уақытылы хабардар ету жөнінде шаралар қабылдайды.

8. Тәуліктің жарық уақытында балаларды автобуспен тасымалдау фаралардың жақын жарығы қосылған күйде жүзеге асырылады.

9. Ұйымдастырылған балалар топтарын жаппай тасымалдауды және ұйымдастырылған балалар топтарын алыс жерлерге тасымалдауды

тасымалдаушы балаларды оқытушылар немесе арнайы тағайындалған ересектер (15 балаға бір ересек адам) алып барған жағдайдаған орындарды.

10. Ұйымдастырылған балалар тобын тасымалдауға жеті жасқа дейінгі балалар жіберіледі. Жеті жасқа толмаған балалар білім беру мекемесі қызметкерлерінің, сондай-ақ ата-аналарының және оларды алмастыратын адамдардың жеке еріп жүруі кезіндеған жол жүргүте жіберілуі мүмкін.

11. Автобустармен жол жүргүте балаларға және ересек еріп жүрушілерге:

- 1) қауіпсіздік шараларын бұзуға әкеп соғатын қоздырылған жағдайда;
- 2) алкогольдің, есірткі, психотроптық және уытты заттардың әсеріне ұшыраған.

12. Балаларды тасымалдау кезінде автобус жүргізушісіне:

- 1) сағатына 60 километрден астам жылдамдықпен жүргүте;
- 2) жүру бағытын өзгертуге;
- 3) балалар бар автобустың салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа, кез келген жүкті, багажды немесе мүкәммалды тасымалдауға;
- 4) автобуста балалар болған кезде, оның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;
- 5) автомобиль колоннасында жүру кезінде алда келе жатқан автобусты басып озуға;
- 6) автобустың артқы жүріспен қозғалысын жүзеге асыруға;
- 7) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуі болмаған кезде пайдалануды болдырмайтын шаралар қабылдамаса, көлік құралын өз орынан тастап кетуге немесе тастап кетуге құқылы.

13. Балаларды тасымалдауға арналған автобустардың кемінде екі есігі болады және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 11 қантардағы № ҚР ДСМ-5 "Санитариялық қағидаларды бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген "Жолаушылар мен жүктөрді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына 25-қосымшаның 1-тармағына сәйкес келеді жолаушылар мен жүктөрді тасымалдау" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22066 болып тіркелген), сондай-ақ мыналармен жабдықталады:

- 1) автобустың алдында және артында орнатылатын «Балаларды тасымалдау» деген төрт бұрышты тану белгілерімен;
- 2) сары түсті жарқылдауық маяк;
- 3) әрқайсының сыйымдылығы кемінде екі литр екі жеңіл алынатын өрт сөндіргіш (біреуі - жүргізушінің кабинасында, екіншісі - автобустың жолаушылар салонында);
- 4) «Автомобильдік алғашқы медициналық көмек қобдишаларының дәрілік заттары мен медициналық мақсаттағы бұйымдарының тізбесін бекіту туралы»